

Ақмарал Ибраева, тарих ғылымдарының докторы, М.Қозыбаев атындағы СҚМУ профессоры

Жарқын болашаққа жетелейді

Ұлт көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың жыл сайынғы Қазақстан халқына арнаған Жолдауларының негізгі бағыты мен салиқалы саясаты еліміздің 2050 жылға дейінгі дамуының сара жолын, мемлекетіміздің әлемнің алдыңғы қатардағы озық 30 мемлекетінің қатарына қосылу мақсатындағы Тұжырымдамасын және "Мәңгілік Ел" ұлттың идеясымен айқындалған стратегиялық жағынан маңызды мәселелерді негізге алуда.

Биылғы жылғы Жолдау да дүниежүзіндегі түрлі дүмпулерге қарамастан, еліміздің 25 жылдық даму кезеңінен абыроймен өткен шақта жолданып отыр. Ғасырларға татитын жиырма бес жылда мемлекетіміз зор табыстар мен баға жетпес жетістіктерге жетті. Еуразия кеңістігінің қақ төрінен орын алған Қазақстан деген тәуелсіз мемлекетті бүкіл әлем таныды, мойындады, барынша лайықты бағасын берді. Атап айтсақ, 2017 жылдың басынан бастап Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесінің мүшесі болды, Астанада «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесін өткізу ұйымдастырылуда, Алматыда Универсиада-2017 спорт ойындары айтарлықтай өтті.

Мемлекет басшысы қазіргі күллі дүниені жайлап бара жатқан аласапыран заманның талабына сай әрекет етудің жолдарын көрсетіп, осы қысылтаяң шақта елімізді адастырмай алға жетелейтін даму бағыттарын нақты көрсетіп отыр. Жолдауда елімізді жаһандық бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін экономикалық өсімнің жаңа моделін құру бағытындағы «Қазақстан-2050» стратегиясы мақсаттарына ба-тайтын Ұлт жоспары - «100 нақты қадам» базасында өткізетіндігі баса айтылып, оның бес негізгі басымдығы беріледі. Атап айтсақ: бірінші басымдық - экономиканың жеделдетілген технологиялық жаңғыртылуы; екінші басымдық - бизнес-ортаны түбегейлі жақсарту және кеңейту; үшінші басымдық - макроэкономикалық тұрақтылық; төртінші басымдық - адами капитал сапасын жақсарту; бесінші басымдық - институционалдық өзгерістерге, қауіпсіздікке және сыбайлас жемқорлықпен күреске қатысты.

Саяси маңызы зор құжатта Қазақстан Республикасы дамуының саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени, руханисалаларын қамтыған бұл басымдықтардың орындалу барысын жүзеге асырудың негізгі бағыттары, механизмдері мен тетіктері нақты керсетілген.

Мәселен, цифрлық технологияны қолдану арқылы құрылатын жаңа индустрияларды өркендету, коммуникацияның дамуы мен оптикалық-та-шықты инфрақұрылымға жаппай қолжетімділікті де қамтамасыз ету арқылы экономиканың құрылымын өзгерту, дәстүрлі салаларға жаңа сапаға жеткізуге мүмкіндік беру мәселесі ай-тылады. Мұның өзі Елбасы жүргізіп отырған салиқалы саясаттың карінісі деп бағалаймыз.

// Молодежная-Жастар. - 2017. - 18 мамыр